

Л 2015

1472 к

САЙРАШ ӘБИШҚЫЗЫ

Оттай
ыстық
аң жер





САЙРАШ ӘБІШҚЫЗЫ

Оттай ыстық аң жем

Қазақстан Республикасының
Ұлттық кітапханасына
қорғама ұсыныс
мен.

Автор.

3.02.2015 ж.




АЛМАТЫ
«АТАМҰРА»
2001

821.512.122-43

ББК 84.46 (Қаз 5)

Ә 20



Әбішқызы С.

Ә 21 Оттайыстық он жыл. – Алматы: Атамұра, 2001. – 120 бет.

ISBN 9965-05-205-0

Бұл кітапқа қазақтың белгілі қайраткер қыздарының бірі, "Құрмет" орденді, М. Сералин атындағы сыйлықтың иегері, тәжірибесін өзгеге тәлім етіп жүрген педагог, қаламы жүрдек қаламгер-журналист Сайраш Әбішқызының ұлт, мемлекет, ұрпақ, тіл тағдырына қатысты қомақты да келелі мәселелерді көтерген, жұртшылық көңілінен шыққан, әр жылдары республикалық басылымдарда жарық көрген таңдаулы мақалалары жинақталған.

Кітап мұғалімдерге, оқытушыларға, әдіскер-педагогтерге, қалың оқырман қауымға арналған.

Ә $\frac{4306020000-001}{418(05)-2001}$ ақпарат хат – 2001 ББК 84.46 (Қаз 5)

ISBN 9965-05-205-0

© Әбішқызы С., 2001

© «Атамұра» баспасы, 2001

ҮЛКЕН ЖҮРЕКТІҢ ҮНІ

«Отан – оттан да ыстық» дейді халқымыз. Егер сол Отан бөтенге бодан болса, оның оты перзентінің өзегін өртейді, ешкімге тәуелсіз болса, мақтаныш алауын маздатады. ХХ ғасырдың соңғы он жылында тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге танылған Қазақстанның әрбір отансүйгіш азаматының кеудесіне осындай сенімнің өшпес оты тұтанған. Ғасыр басында ұлтын сүйген қайраткерлер азаттықтың ақ жолын іздеп шарқ ұрса, ғасыр соңындағы ұрпақ қолы жеткен азаттықты баянды ету үшін тер төгуде. Күрес әлі біткен жоқ. Қолыңыздағы кітаптың әр парағынан ескен азаматтық үн, күрескерлік рух осы ойға жетелейді. Отанның тағдыры – тәуелсіздікте, тәуелсіздіктің тағдыры – білімде екеніне көз жеткізе түседі.

Қазақтың қайраткер қыздарының бірі, тәжірибелі педагог әрі қарымды қаламгер Сайраш Әбішқызының бұл кітабы тәуелсіз Қазақстанның он жыл ішіндегі тыныстіршілігін әр қырынан қамтиды. Мақалалардың шынайылығы мен жүрекке жақындығы сонда, автор тек сырттан бақылап ой толғаушы емес, күреске толы өмірдің бел ортасында жүріп өзі куә болған ізгілік пен игілікті, кедергі мен келеңсіздікті жеріне жеткізе жазады, бет-жүзіне қарамай батыл айтады.

Кітаптың беташар тарауы «Ойтұмар» деп аталған. Оған енген алғашқы мақала тіл туралы. Осында бір символдық мән бар. Адамның немесе сол адамдардан құралатын халықтың бүкіл ішкі рухын, мәдениетін, ниет-тілегін сыртқы ортаға жеткізетін құралы да, өмірінің мәні де, сәні де – тіл. Сондықтан болар, әр адам өзінің туған халқына деген махаббатын ана тіліне деген махаббаттан бастайды, халқы үшін күресті ана тілі үшін күрестен бастайды. Осы күреске әлдеқашан белсенді жауынгер болып кіріп, сардар деген атқа лайық қайрат көрсетіп жүрген Сайраш Әбішқызы еңбектерінің де негізгі өзегі, ойтұмары, лейтмотиві – тіл үшін күрес. Оның ар жағында бүкіл оқу-тәрбие, тарих, мәдениет, ұлт тағдыры жатқаны өз-өзінен түсінікті.

«Тілі зордың – елі зор» дейді автор. Сөз байлығы мен мәдениеті тұрғысынан алғанда тіліміз зор-ақ. Бірақ өз

үйінде өгейсіп, кіріптарлық күй кешкені – зор бола тұрып қор болғаны ғой. Тілдің осындай әлеуметтік теңсіздігін, педагогикалық ілімге қайшы істердің зардабын қаламгер терең танып, оның «қара орманға өрт қойғандай» қауіпті астарын нақты мысалмен көрсетеді, тығырықтан шығар жол нұсқайды.

Орыс тілінде жарияланған «Мост дружбы» мақаласында бір кездері жалаулатқан кеңестік «достық» деген ұранның шын мәнінде теңсіздікке құрылғанын айғақтайды. «Не понимая языка рядом живущего народа, можно остаться всю жизнь ему чужим» деген түйін жасап, ондай достықтың біржақты болатынын айтады. «А справедливо ли это?» Міне, тілді сыйламаушылардың бәріне қойылған, солардың тілінде қойылған өткір сұрақ.

«Халық» деген ұғымды автор бөлінбейтін біртұтас түсінік ретінде, мемлекеттің алтын діңгегі деп қарап, оған жік салушылықты әшкерелейді («Қазақстанда қанша халық бар?»). Саяси тәуелсіздікті берік сақтау үшін рухани тәуелсіздікке жету керек, рухани жалтақ бағыныштылықтан құтылу керек екенін айтып, фамилияны қазақша жазудың дәстүрлі жүйесін ұсынады («Аты-жөнді қазақшалауды мектептен бастайық»). Білім өз алдына бір әлем, білімнің құны кетті деу күн шықпайды, ай тумайды дегенмен бірдей деп ой қорытады («Әліппеден басталған әлем»). Педагогикалық кәсіби басылымның ерекшелігін, мақсат-міндетін тап басып көрсетеді («Абыройлы асқар асу»).

Шетелге саяхат жазбалары («Бавария сабақтары») жай тамсану, тамашалау емес, сол елдің білім жүйесін зерделеу, салыстыру, озық үрдісін ортаға салу мақсатын көздейді. Бұл тұрғыдан алғанда жолжазба топтамасы өз алдына ғылыми зерттеуге бергісіз дер едік. Сондай-ақ кітапқа баспасөз шежіресі, ұстаз ұлағаты, бауырластық тағылымдары туралы қызықты мақалалар енген.

Қалам қуаты мен ұстаздық ұлағатын бір арнаға тоғыстырған педагог-журналист ретінде автор, әсіресе, қазақ мектебі мен қазақ тілінің қағажу көруіне, жымысқы саясат пен көзбояушылыққа ымырасыз күрес ашып, дер кезінде дабыл қаға білген. Сонау кеңестік қоғамның қаһары қайтпаған кездің өзінде рухани жұтаңдықты ұлт

болашағына жабысқан індет деп танып, «Қазақ ұлтының болашағына қауіп төнді, ХХ ғасырдың соңғы он жылы ішінде қазақ жастарын рухани дамудың жаңа көкжиегіне алып шығудың жолдарын айқындап, жедел қолға алатын қазір дер шақ» деп жазды («Жауырды жаба тоқып, не ұтамыз?»).

Қазақ педагогикасы қазақ мектебі үшін жұмыс істесін, қазақтың баласы мектепте қазақша оқысын. Қазақ үшін ең ауыр да абыройлы жол – білім жолы... Міне, ұлтым деп соққан үлкен жүректің үні осындай. Бойыңызға көсемсөзден күш бітсін, жігер оты тұтансын, ойлы оқырман!

Ақселеу СЕЙДІМБЕК,
жазушы, филология ғылымының докторы,
профессор

ТІЛІ ЗОРДЫҢ – ЕЛІ ЗОР

Біз қазақ тілі туралы, Қазақ ССР-нің «Тіл туралы Заңын» жүзеге асыру жайында әңгіме еткенде, енді 10 жылдан кейін табалдырығынан аттағалы отырған жаңа ғасырда, ХХІ ғасырда өмір сүретін қазақ ұлты өкілдерінің, қазіргі уақытта балабақшаларда, мектептерде оқып, тәрбиеленіп жатқан қазақ балаларының ана тілін тамаша біліп өсуіне ең бірінші кезекте назар аударуымыз керек. Өзінің ана тілін, соның негізінде өзге тілдерді жетік білу, Шыңғыс Айтматов айтқандай, болашақтың толыққанды, кемелденген адамының басты шарты болса, тұтас бір ұлттың да, жекелей алғанда қазақ ұлтының жаңа ғасырда толыққанды, кемелденген ұлт болып сақталуының басты шарты – оның ана тілінің – қазақ тілінің көркейіп, кемелденуі болмақ. Осы тұрғыдан алғанда кеше туған сәбиді өз аяғымен апыл-тапыл басуға шамасы енді келіп, балдыр-бұлдыр, тәтті тілі енді шыға бастаған шағында-ақ ата-анасы алып келетін балабақшаларға – мектепке дейінгі тәрбие мекемелері деп емес, әр ұлттың, соның ішінде қазақ ұлтының болашағын қалыптастыратын, ертеңі басталатын қайнар бастау деп қарауымыз керек. Балабақшалар күні бойы ата-анасы жұмыста болғанда сәбилері қала тұратын, «ананы-мынаны» үйрететін мекеме емес, ұлттың ұлт болып қалуы үшін де, дамуы үшін де стратегиялық мәні бар айрықша маңызды тәрбие мекемелері екенін толық түсінетін уақыт жетті.

Ендеше қазақстандық педагогика ғылымының республикада мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыру проблемаларын шешуге ықпалы қандай? Қазақстандық педагогика ғылымының қара шаңырағы іспетті Ы. Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты мектепке дейінгі тәрбие бөлімін құруды енді ғана қолға алуда. Осының өзі-ақ республикада мектепке дейінгі тәрбиені ұйымдастыру проблемаларына араласуда ұлттық педагогика ғылымы көш соңында қалғанын дәлелдесе керек.

1985 жылдың сәуірінен басталған, шын мәніндегі, революциялық қайта құру, ең бастысы, адамдар санасында

үлкен серпіліс, алға ұмтылушылық туғызды. Соңғы бір-екі жыл ішінде Алматы қаласындағы қазақ балабақшалары санының 15-ке жетуі – қалалық ата-аналар қауымы мен астаналық қазақ интеллигенциясы өкілдерінің талап-тілегіне орай жасалған игі қадам. Туған тілге деген мұндай ынта-ықылас, бетбұрыс айрықша қуанарлық жайт. Мұндай бетбұрыстың республикамыздың саяси, әкімшілік және мәдени орталығы Алматы қаласында кең көрініс тауып, жергілікті халық тілінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі тәрбие мекемелерінің көбеюі, сөз жоқ, қазақ тілінің жоғалтқан әрін тауып, даму өрісін ұзарта түспек. Астанада қазақ балабақшаларының көбеюі – тоқырау жылдарында туған тілден көз жазып қалған тұтас бір ұрпақтың тағы қайталануына жол бермеудің бірден-бір жолы. Сондықтан да бұл бағыттағы жұмысты үнемі назарда ұстап, көп болып жұмылып, өрістете беру керек. Алматы мақта-мата комбинаты, «Главалмаастрой» тресі, «Алматы ақшамы», «Горизонт» – «Өркен» газеттері демеуімен (спонсорлығымен) құрылған «Қазақ тілі» қоғамының да мұраттық мақсаттарының бірі – қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшалар қатарын көбейтуге атсалысу болып отыр.

Иә, бүгін таңда жағдай көп өзгерді. Әрбір ата-ана қазақ тілінің республика көлемінде мемлекеттік тіл статусын алғанына шексіз қуануда. Бұрынғыдай емес, енді баласын қазақ тілінде тәрбиелегісі келетін ата-аналар өтінішін қанағаттандырудың мүмкіндік аясы да кеңейе түсті. Бірақ осындай мүмкіндіктер жасала бастағанына қарамастан көп ата-аналар көңілін балалары «ана тілін емін-еркін меңгеріп кете алмайды-ау» деген күдік жайлап алды. Мұның себебі – жаңбырдан кейін орман ішінде дүр етіп көтеріліп қаптап кеткен саңырауқұлақтай қалада аралас балабақшалардың орынсыз көбейіп кетуінде. Қазір Алматыдағы мұндай балабақшалардың саны 57-ге жетті.

Мұндай балабақшалардағы қазақ топтарындағы сәбилердің тілін не таза орысша, не таза қазақша деуге келмейді. Мұның субъективті де, объективті де себептері бар. Аралас балабақшалар меңгерушілері мен методистерінің дені – сегіз ауданның, Москва ауданынан басқа жетеуінің, халыққа білім беру бөлімдерінің мектеп жасына дейінгі тәрбие жұмысын жүргізетін методистері қазақ

тілін білмейді. Бұл – аралас балабақшалардағы қазақ топтарына ешқандай методикалық көмек көрсетілмейді деген сөз. Бұдан Алматы қалалық халыққа білім беру бөлімдерін басқарып отырған жолдастардың, ең бірінші кезекте, мектепке дейінгі тәрбие жұмысы методистерінің кем дегенде қазақ және орыс тілдерін білетін кадрлардан іріктелінуін қадағалайтын уақыттың жеткенін қаперіне де алғысы келмейтінін байқау қиын емес. Мәселен, күні кеше, яғни 1989 жылдың қараша айында Октябрь аудандық халыққа білім беру бөліміне осы қызметке қабылданған маман бұл талапқа сай келмейді. Бұл фактілерден Алматы қалалық және аудандық халық ағарту мекемелері Қазақ ССР-інің «Тіл туралы Заңын» жүзеге асыруға кірісуден әлі алыс отырғанын байқау қиын емес.

Аралас балабақшалардың қазақ топтарындағы сәбилердің ана тілін емін-еркін меңгеру мүмкіндігінің ата-аналар тарапынан алаңдаушылық туғызып отырған тағы бір объективті себебі – мұндай мекемелерде көпе-көрінеу орын алған тілдік әлеуметтік теңсіздік жағдайы. Мынадай фактіге ой жүгіртіп көрелікші. Ленин ауданындағы №258 балабақшада бір қазақ тобы бар. Міне, осы топтың тілдік әлеуметтік теңсіздік жағдайында күн кешіп отырғанын сезу қиын емес. Тілдік теңдік – топтар саны тең болған жағдайда ғана, онда да мекеме басшылары тарапынан осындай жағдай қалыптастыруға тұрақты ұмтылыс бар жерде ғана орнығуы мүмкін. Олай болса балалары аралас балабақшаларда қазақ топтарында тәрбиеленетін ата-аналардың бүлдіршіндер тағдыры үшін алаңдаушылық, олардың не ол тілді, не бұл тілді білмей, дүбара болып қала ма деген қаупі орынды.

Осы тұста аралас балабақшалардағы қазақ топтары тәрбиеленушілері болашағына байланысты алаңдаушылық туғызып отырған мына бір жайтты да айта кету қажет. Қазақ ССР Автомобиль жолдары министрлігінің «Дорожник» микроауданында жұмыс істейтін ведомстволық балабақшасында қазақ тобында тәрбиеленуші 30 шақты баланың тілдік орта жағдайы тіпті мүшкіл халде. Бұл топта 3 жастан 7 жасқа дейінгі балалар тәрбиеленеді. Яғни, тілдік ортасы ғана емес, жас жағынан аралас топ. Алты жасар баланың 2 жастағы бүлдіршінмен тілдік қатынас

жасау қиындығын былай қойғанда, мұндай топта балдырғандарға жас ерекшелігіне сәйкес тәрбие жұмысын жүргізу мүмкін емес. Педагогикалық ілімге қайшы мұндай топтың құрылуының өзі – балдырғандар тағдырына деген жаны ашымастықтың шектен шыққан көрінісі.

Халыққа білім беру мекемелері қызметкерлері Алматы қаласында аралас балабақшалардың саны көбейіп бара жатқанын, онда қазақ топтарының жалғыз жарым, жетімек қозыдай күй кешіп отырғанын, әр түрлі жастағы балдырғандардың бір топқа тоғытылуын ата-аналардың өтінішін қанағаттандыру мақсатымен амалсыздан істелген шаралар ретінде түсіндірмек болады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің және республика Министрлер Советінің 1987 және 1989 жылдары республикада қазақ тілі мен орыс тілін және басқа тілдерді оқып-үйренуді жақсарту туралы қабылданған қаулыларына орай астаналық ата-аналардың балаларын қай тілде тәрбиелегісі келетінін зерттеу жұмысы бұдан бірнеше жыл бұрын қолға алынуы тиіс болатын. Мұндай зерттеу жұмысы тиянақты жүргізілген жағдайда жаңадан ашылатын балабақшалардың қай тілде жұмыс істеуін, қай жерде қандай топ ашу қажеттігін алдын ала жоспарлауға мүмкіндік туғызатыны айқын.

Қазіргі таңда Алматы қалалық, аудандық халыққа білім беру органдарының жұмысындағы жоспарлылықтың жоқтығы, бар болған күнде орындау жеткілікті қадағаланбайтыны аралас тілді балабақшалар бірінен кейін бірі ашыла бастағанынан айқын байқалады. Алматы қаласындағы халыққа білім беру органдары жұмысындағы солақайлықтың ең басты көрінісі де – осы аралас тілді балабақшалар ашуда бой көрсетуде. Ал үстіміздегі жылдың аяғына дейін ашылуға тиісті №№ 154, 120, 17, 64 қазақ балабақшалары уәде күйінде қалып отыр («Вечерняя Алматы», 25. 10.89).

Алматы қаласында, өз республикамыздың астанасында, жергілікті негізгі халықтың тілі ретінде қазақ тілі тамыр бойлап, өмір сүру үшін ең басты қажет алғышарт – тілдік ортаның болуы. Ал біз онсыз да қиын тілдік ортаны одан әрі ауырлатып, жыпырлатып аралас балабақшалар санын көбейтудеміз. Алдағы уақытта қазақ тілінің астанада тамыр бойлап, қалыпты даму жолына түсуі үшін

шұғыл түрде аралас қазақ-орыс тілді балабақшалардан бас тартып, таза қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшалар қатарын көбейтуге бағыт алуымыз керек. Бұл мәселеде халыққа білім беру органдары қызметкерлерінен «жеке балабақша ашуға контингент, яғни қажетті базалар саны жетіспейді» деген жауап жиі естіледі. Ал фактілер мұндай жауаптың көп жағдайда негізсіз екенін айғақтайды. Мәселен, Алатау ауданындағы 16 балабақша – аралас тілді, соның әрқайсысында бір-бірден қазақ тобы бар, ондағы бала саны орташа 20–25-тен деп есептегенде, бір емес екі қазақ балабақшасын толтыратын бүлдіршіндер тарыдай шашылып, тілдік ортадан шетқақпай жүр деген сөз. Калинин ауданында – 9, Совет ауданында – 8, Фрунзе ауданында – 9 аралас балабақшалар жұмыс істеуде. Сондай-ақ бірқатар қазақ балабақшалары тәрбиеленушілерінің саны межелі мөлшерден көп артып кеткені де белгілі. Мысалы, Әуезов ауданындағы №170 балабақшада 380 бала орнына 430 бүлдіршін, Калинин ауданындағы №108 ясли-бақшада 140 бала орнына 180 сәби тәрбиеленуде. Фрунзе ауданындағы №204 және т.б. қазақ балабақшаларында да осындай жағдай қалыптасқан. Кезегін күтіп жатқан өтініштер қаншама! Мұның бәрі біздің сөзімізді дәлелдей түседі.

Осы тұста тағы бір еске сала кететін жайт, тоқырау жылдарында жүздеген қазақ мектептері жабылуының бір себебі болған, сол кезеңде жаппай өріс алған аралас мектептер ашу жорығының ащы сабақтарын ұмытпағанымыз жөн. Көптеген қазақ мектептерінің қылтасын қиып тұралатқан аралас мектеп үлгісін енді ана тіліміздің қайнар бастауы іспетті балабақшаларға әкеліп таңсақ, *онсыз да қаусағалы тұрған қара орманға өрт қойғанмен бірдей емес пе!*

Міне, осындай пікір тұрғысынан Алматы қалалық, аудандық халыққа білім беру бөлімдері онсыз да шұбарланып, күлкілі халге жеткен қазақ тілінің дамуына ауадай қажет таза тілдік орта жасау мақсатында астанада бірыңғай қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшалар қатарын көбейтуге бағдар алуына ықпал етуді қалалық «Қазақ тілі» қоғамы мұраттық міндет санайды. Осы бағытта жоғарыда сөз болған пікір, ұсыныстар астананың партия, совет органдары тарапынан қолдау табады деп сенеміз.

Ал қаладағы аралас мектептер жөнінде Халыққа білім беру министрлігінен бастап қалалық және аудандық халыққа білім беру органдарының, баспасөзде жазылғанындай, ұстанып отырған көзқарасы айқын. Олардың бәрі де болашақта қазақ мектебі болып шаңырақ көтермек. Ендігі мәселе – осы жоспардың жүзеге асар кезін барынша жақындату, қоғамдық бақылауға алу.

Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы Құрылтайында сөйлеген сөзінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Өзбекәлі Жәнібеков: «Қайта құру кезеңінің бала тәрбиелеу мәселесіне қоятын тағы бір шарты бар. Ол – балаларды адамгершілікке баулу, эстетикаға тәрбиелеу. Қазір бізде орын алып отырған көп сорақылықтар, әсіресе, үлкенді сыйлау, ата-анаға мейірімділік, нәрестеге деген шынайы ынтызарлық секілді ел қастерлеген қасиеттердің азайып бара жатқандығынан», – дей келіп, – «Әдетте бұл жайлы сөз қозғалғанда «дұрыс программа болмады», «көрнекі оқу құралдары жоқ», «маман мұғалімдер жетіспейді» деген желеу айтылады. Тіптен тоқырау кезеңінің өзінде де осы мәселелерді қолға алсақ (Қазақстанның өзінің Оқу министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы институты, «Мектеп» баспасы болды), бізге ешкім тыйым салған жоқ қой. Бұл, жолдастар, керенаулықтан туған жағдай, – деп («Қазақ әдебиеті», 27. 10. 1989) қынжылыс білдірген еді.

Иә, кезінде қазақ балабақшалары санаулы ғана болатын. Ал қазіргідей даму жолына түскен шақта, бірінен кейін бірі ашылып жатқан қазақ балабақшалары тәрбиешілерінің халі шын мәнінде аянышты. Мен бұл жерде оларға қажетті оқу-методикалық құралдарды санама-лап айтпай-ақ қояйын, өйткені оны толық тізбелеп айтып шығу мүмкін емес. Сіздердің назарларыңызды бір-ақ нәрсеге аударғым келеді. Өскен, өркендеген елдің келбеті көп жағдайда оның баспасөз құралдарынан айқын танылатыны белгілі. Мәселен, Украина республикасында көп жылдар бойына украин тілінде мектепке дейінгі тәрбие мекемелеріне арналған «Дошкольное воспитание» журналы шығып келеді. Азербайжанда, Грузияда бұл басылым жетекші педагогикалық журналдың қосымшасы ретінде жарық көруде. Ал Москвадан орыс тілінде шығатын «Дош-

кольное воспитание» журналы бүкіл Одаққа тарайды. Міне, біздің республикада да осындай жеке басылым немесе «Қазақстан мектебі» журналының қосымшасын шығаруды қолға алатын уақыт жетті. Республикада қазақ тілінде ата-аналарға арналған арнаулы басылым болмағандықтан бұл басылымды «Семья және балабақша» деп те атауға болар еді. Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі оқу-методикалық құралдарға сусап отырған қазақ балабақшаларына деген жанашырлықпен қолға алса, қазіргі уақытта мұндай журналды немесе «Қазақстан мектебінің» қосымшасын шығаруға толық мүмкіндік бар. Мұндай басылым жарық көрген жағдайда көп жылдар бойына қағажу көріп келген қазақ балабақшалары қызметкерлерінің көп жоғының орнын толтыруға көмектесер еді. Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігі бұл мәселені шешуде іскерлік көрсетеді деп сенгіміз келеді.

Республика астанасы Алматыда қазақ тілінің Заңмен бекітілген мемлекеттік статусына сай дамуы көп жағдайда қазақ тілінің орта мектептерде, училищелер мен техникумдарда, жоғары оқу орындарында оқытылуының кең қолға алынуына тікелей байланысты. Көп жылдар бойына астанада адамдар арасындағы қатынас, негізінен, бір тілде, яғни орыс тілінде болып келгендіктен қалада қай салада болсын бір тілдік орта қалыптасқаны белгілі. Соның салдарынан, әсіресе, қаланың қазақ жеткіншектері мен жасөспірімдерінің дені ана тілден ажырап қалды, ауызекі тілдің өзіне орашолақ, ойын жеткізе алмайтын күйге жетті. Қазақ мектептеріне келетін шәкірттердің де дені – орыс балабақшаларының тәрбиеленушілері. Бұл қаладағы орыс мектептерінде ғана емес, қазақ мектептерінде қазақ тілін астананың қалыптасқан тілдік орта ерекшелігін ескере отырып, тың тәсілмен, өзгеше тәртіппен оқытуды қажет етеді. Мәселен, Балтық өңірі республикаларында 1–2- кластарда тек ана тілінде оқытыны белгілі. Біздің мектептерде орыс тілі сабақтары 1-кластан-ақ қосарлана жүргізіледі және топқа бөліп оқытылады. Алматы қаласындағы қазақ тілі ахуалын еске ала отырып, қазақ мектептерінде оны оқытуды өзгеше жүргізуді қолға алатын уақыт жеткен сияқты. Мәселен, тілдің іргетасы бастауыш кластарда қаланатынын ескеріп, бұл

кластарда орыс тілі сабағы сағаттарын азайтып, соның есебінен қазақ тілін көбейту керек болар немесе Балтық өңірі республикалары тәжірибесін қолданып, орыс тілін 3-кластан бастап оқытуға көшу керек. Бұл орайда Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың әр түрлі жолдары қарастырылып жатқаны баспасөзден белгілі. Бұл бағыттағы тың шаралар, сөз жоқ, бірінші кезекте, Алматы қаласында қолға алынуы керек. Алматы қалалық халыққа білім беру басқармасы ұйытқы болып, астаналық қазақ мектептерінде қазақ тілін топқа бөліп оқыту кең көлемде қолға алынса, нұр үстіне нұр. Бұл бағытта алғашқы игі қадамдар жасалды да. Қаладағы №№86, 123 қазақ мектептерінде бастауыш кластарда үстіміздегі оқу жылынан бастап қазақ тілі топқа бөліп оқытыла бастады. Ендігі мәселе – қазақ тілін оқытудағы осындай игі қадамның өрісті жалғасын табуында.

Орыс мектептерінде оқып жатқан қазақ балаларын да бір сәт естен шығаруға болмайды. Олар санына қарай емес, ана тілін білу деңгейіне қарай топқа бөлініп оқытылуы керек. Ана тілінен мүлдем хабарсыз қазақ және басқа ұлт балалары жеңілдетілген программамен, ал тілге едәуір жетік қазақ және басқа ұлт жеткіншектері тереңдетілген программамен оқуын қолға алу қажет.

Елінің ертеңін, ұлтының, ана тілінің болашағын ойлаған ешбір халық бүгін өсіп келе жатқан өркендерін тәрбиелеуге, оқытуға, біріншіден, арнаулы білімі жоқ маманның бұл іске кірісуіне жол бермейді, екіншіден, әр маманның өз мамандығы бойынша оқытып-тәрбиелеуін және жас ұрпақпен жұмыс істейтін әр маманның өз білімін үнемі жетілдіріп отыруын мемлекеттік әрі қоғамдық қатаң бақылауға алады. Ал бізде, Алматыда қалай? Бүгін таңда Алматы қаласындағы орыс мектептерінде қазақ тілінен 343 мұғалім сабақ береді. Олардың 220-сы – басқа мамандық иелері.

Ендеше осы тығырықтан қалай шығамыз деген мәселе төңірегінде ойланып көрелік. «Алматы ақшамының» үстіміздегі жылы октябрьдің, яғни қазан айының 23-і күні «қазақ мектептеріне қамқорлық жасайтын орталық құрылды» деген мақалада жазылғанындай, Алматы қалалық халыққа білім беру басқармасының бастығы Увайсов жолдас бұл мәселе төңірегінде ойланып жүр екен. КазГУ,

КазПИ, ЖенПИ-дегі жоғары курс студенттерін тиісті жа- лақы алып, қазақ мектептерінде қазақ тілінен сабақ бе- руге шақырмақ екен. Жақсы. Студенттер бұл шақыруды қабыл алды, келді делік. Оқу жылын осылайша ілдалдалап бітірдік делік. Одан ары қалай? Студенттер осылайша жыл сайын ауысып тұрады ма? Егер шынын айтсақ, бұл нағыз «әліптің артын бағудың» әрекеті. Егер Уваисов жолдас қазақ және орыс мектептеріндегі қазақ тілін оқытудың жолын іздестіріп, шын жаны ашып, қабырғасы қайысатын болса, Халыққа білім беру министрлігі алдына КазГУ, КазПИ, ЖенПИ-дің филология факультеттерінің қазақ бөлімдерін 1990 жылы ойдағыдай аяқтағалы отырған түлектерінің нақтылы бір бөлігін Алматы қаласындағы қа- зақ және орыс мектептерінде жұмыс істеуге қалдыру жөнінде неге ұсыныс жасамайды? Құқы жетпей ме? Жетеді. Мұндай құқы қала көлемінде Уваисов жолдастың қолында ғана бар.

Қазақстан Жазушылар одағында өткен кездесулерде Қазақ ССР Халыққа білім беру министрі Шаяхметов жол- дастың «бәрің бірдей классик емессіңдер, ақша артық болмас» деп, жазушыларды қазақ тілінен сабақ беруге, үйірмелерді жүргізуге шақырғанын естігенде еріксіз жер- ге қарадық. Мұндай «суға кеткен тал қармайдының» кері дерлік өрісі тар пікірдің бүкіл Қазақстанның балабақша- сынан бастап университетіне дейін билігі жүріп тұрған министрдің аузынан шыққанына қынжылдық. Министр ағамыз мұның орнына: «Алматы қаласы мектептерінде қазақ тілін оқытуда қалыптасқан төтенше ауыр жағдайды таяудағы бірер жыл ішінде шұғыл жақсарту үшін жоғары оқу орындарын ойдағыдай бітірген жас кадрларды мына- дай жоспармен жыл сайын Алматы қаласында қалдыру жөнінде шешім қабылданды. Қалалық атқару комитетінен жас мамандарды қалалық тіркеуге алуды, жатақханамен қамтамасыз етуді, ол үшін астанада жас педагог кадрлар- ға арнап шағын отбасылар үшін жатақхана салуға көмек- тесуді сұраймыз», – десе, мемлекеттік тіл мәселелерін ас- танада мемлекеттік жолмен шешу қолға алынғанын сезінер едік те, қуанар едік.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік аппарат қамқорлығына алынуы тиіс және ол тілдің жағдайы үшін мемлекеттік ап-

парат жоғары партия, совет органдарының ғана емес, халық алдында жауап беруі тиіс. Бұл орайда ешқандай көзбояушылыққа жол берілмеуі тиіс. Алматы қаласының қазақ мектептерінің көптеген бастауыш кластарында бастауыш оқыту педагогикасы мен методикасынан хабарсыз, мамандығы бойынша жеке пәндерді оқытуға тиісті педагогтердің ұстаздық етіп жүргенін Алматы қалалық халыққа білім беру басқармасы тарапынан көпе-көрінеу, жас ұрпақ тағдырына өте кесірлі көзбояушылыққа жол беруі деп санаймын. Бұл – педагогикалық ілімге мүлдем қайшы іс. Бастауыш кластарға педагогика училищесінің, бастауыш оқыту педагогикасы және методикасы факультеттерінің түлектері сабақ беруі тиіс. Қазір Алматы қаласының қазақ мектептері мұндай мамандарға өте зәру күй кешуде. Астанада аудан-аудан бойынша құрылатын «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымдары өз аудандарында жұмыс істеп тұрған қазақ мектептерінің бастауыш кластары осы буында сабақ беруге тиісті мамандармен қамтамасыз етілуіне айрықша көңіл бөлулері тиіс. *«Білім негізі бастауышта қаланады»* деген қанатты сөзді, *«ана тілі негізі бастауышта қаланады»* деп сәл өзгертіп айтсақ, еш қателеспейміз. Белең ала бастаған мұндай көзбояушылықтан құтылатын жол бар ма? Бар. Және қолға алған жағдайда таяу бір-екі жылдың ішінде-ақ болашақта толық шешілетіндей негіз қалауға болады. Бұл үшін Алматыдағы екі қалалық педагогика училищесінің біреуі толық қазақ тілінде жұмыс істейтін оқу орнына айналдырылуы тиіс. Және Алматыда, негізінен, орыс тілдік ортасы қалыптасқанына байланысты болашақ қалалық қазақ педагогика училищесіне қала жастарымен бірге, республиканың түкпір-түкпірінен оқушылар қабылдануына, олар бітіргеннен кейін қалада қалдырылуына жол ашу керек.

Тағы бір өкінішті жайт қазақ жеткіншектері өз халқының тарихын оқымайтын күйге жетті. Осы уақытқа дейін орыс мектептерін былай қойғанда қазақ мектептерінде Қазақ ССР тарихы жеке пән ретінде оқытылмайды. Осылайша қазақ жеткіншектері ана тілін ғана емес, туған халқының тарихын да білмей өсуде, рухани дерттен, жан жарасынан аман алып қалатын күш тек қана ана тілінен табылады.

Алматы қаласында қалыптасқан қазақ тілі ахуалын әр түрлі дерттен айықтыруда кадр мәселесіне айрықша маңызды проблема ретінде назар аударма келе, мынадай бірекі фактіні айта кеткім келеді. Алматы қалалық №1 педагогика училищесінің қазақ бөлімін 1989 жылы үздік бітірген Бірлік Ақшолақов деген жас – қаладағы қазақ балабақшаларының бірінен де орын таппай, ақырында мектепке қазақ тілінен мұғалім болып орналасуға мәжбүр болған. Ал ол қызметке барған балабақшаға қалалық халыққа білім беру басқармасының жолдамасымен физика пәні мұғалімі тәрбиеші болып қабылданған.

Бұл педагогика училищесінің орыс бөлімінің түлектері арнаулы жолдамалармен жұмысқа қиналмай орналасып жатқанда, қазақ бөлімдері түлектері бастарын қайда тығарын білмей дал болуы қалыпты жағдайға айналған. КазПИ-дің бейнелеу өнері-графика факультетінің орыс бөлімі түлектерінің дені қалада қалдырылып, қазақ бөлімі түлектері үшін қаладан бірде-бір орын табылмай отырғаны да ойланарлық жайт. Сондықтан Алматыдағы жеке дара көркем сурет училищесінде қазақ бөлімін ашатын уақыт жеткен сияқты. Бұл дамуында кенжелеп қалған ұлттық бейнелеу өнерінің өрісін кеңейте түсер еді.

Соңғы уақытта ұлттық жұмысшы кадрларының қаламызда, қала берді күллі республикамызда аз екендігі туралы өткір мәселе қоғамдық-әлеуметтік өміріміздің күн тәртібіне орынды қойылып жүр. Біздіңше, бұл бағыттағы шаралардың ең пәрменді және тиімді жолы – қазақ тіліндегі кәсіптік-техникалық училищелерді Алматыда және басқа да өндіріс орындары шоғырланған қалалар мен облыс орталықтарында көптеп ашу.

— Қазақ тілі тілдік ортасының қалыптасуын қамтамасыз ететін екінші бір үлкен шара деп, өндірістік-техникалық, сауда, байланыс, медицина, тұрмыс қажетін өтеу, халық шаруашылығы салалары бойынша мамандар даярлайтын оқу орындарында қазақ тілін оқытуды айтар едік. Жалпы жоғары және орта арнаулы білім беретін барлық оқу орындарында қазақ тілі мен Қазақ ССР тарихы пәндерін оқу жоспарына енгізу – ең алдымен, республикамызда еңбек ететін болашақ мамандардың рухани болмысына игі ықпал жасайтын ізгі қадам әрі мемлекеттік тілге деген құрмет болмақ.

Қазіргі уақытта «қазақ мектептері шәкірттерінің білім сапасы төмендеп барады» деген кесірлі пікір жиі естіліп қалады. Бұл сауалға берілер жауап екі түрлі. Біріншіден, қалалық балалар қаршадайынан ана тілінің уызына жарымай өскен жаны жаралы ұрпақ екенін айттық. Өйткені қазақ тілінің тілдік ортасы басқа қалаларымызды айтпаған күнде астанамыздың өзінде жоққа тән, жұтан, жүдеу күйде.

Екіншіден, педагог кадрлардың салалық құрамы біркелкі емес. Бұл да алдағы уақытта мықтап тұрып ойланатын, көп болып қолға алатын күрделі мәселе. Кез келген халықтың тамыры ортақ үш бірлігі: *ел мен жер және тіл тағдырына* немқұрайды қарау – қиянаттың ең ауыры. Өйтпесе, бірден-бір педагогика институтында мектептен және кластан тыс уақытта оқушылармен тәрбие жұмысын жүргізетін ұйымдастырушылар даярлайтын бөлімнің болмауын қалай түсінеміз?

«Ел болам десең, қазақ, ең алдымен, бесігіңді түзе» деген Мұхтар Әуезовтің тәмсілі – бізге тағылым. Халық педагогикасының қайнар көзі – ұрпақ тәрбиесі емес пе еді?!

Ендеше әңгімемізді Ахаң, білгір ғұлама Ахмет Байтұрсынұвтың:

Жігіттер, мұнан ғибрат алмай болмас,
Әуелі бірлік керек, болсақ жолдас.
Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей,
Істеген ынтымақсыз ісің оңбас! –

деген өсиетін еске салумен аяқтағымыз келеді.

(«Алматы ақшамы» газеті, 25 желтоқсан, 1989 жыл)

ҚАЗАҚСТАНДА ҚАНША ХАЛЫҚ БАР?

Көптеген журналистік түсіндірмеден қазақша, орысша «республика халықтары», «народов страны» дегенді естідім. Бұдан бұрынырақта қазақ тілді бір газеттен «Алматы халқы» тақырыбымен мақала оқыдым. Әр түрлі басылым беттерінен, радио, теледидар хабарларынан қалаға ғана емес, ауыл, селоға тіркестіріп те «халық» сөзі қолданыла беретінін көріп, естіп жүрмін. Қазақстан халықтары Ассамблеясы да біздің елде көп халық тұратынын нұсқайды. Осыдан көңілімде көптен бері «Қазақстанда қанша халық бар?» деген сауал жүретін. Енді, міне, осы сауал төңірегінде өзімнің оңаша ой-пікірімді көпшілік оқырманмен бөліскім келді.

Иә, Қазақстанда қанша халық бар?

Еліміздің Негізгі Заңына (Конституцияға) сүйенсек, бір ғана халық – Қазақстан халқы бар. Ал бұқаралық ақпарат құралдары хабарларына, мәртебесі өте жоғары Ассамблеяның аталуына ден қойсақ, Қазақстанымызда халық көп.

«Халық» сөзін оңды-солды қолдану – бұл сөздің саяси мәніне жеткілікті көңіл бөлмеудің салдары. Кеңес дәуірінде «советский народ» сөзі тұтастықты білдіретін құдіреті күшті саяси атауға айналып, әр санаға шегедей қағылып, шемен болып қатқаны мәлім жайт. Содан да болар көп халық бір халықтың боданы болған, көп ел бір мемлекетке отар болған кеңестік империялық одақты аңсайтын адамдардың әлі де арамызда жүргені.

Демек, «халық» сөзі – мемлекеттік құрылымның алтын діңгегі. Сондықтан да бір кезде тізгінінен айырылып қалған азаттықты қайтадан қолдан шығарып алмау үшін ел болып күресіп, Қазақстан халқы болып тұтасуымыз керек. Елбасы ұсынған 2030 жылға дейін дамыту стратегиясында отансүйгіштікті, қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың түп мақсаты да, міне, осы. Қай мемлекеттің болсын елдігінің, еркіндігінің берік тұтқасы – біртұтас халқы.

Осы орайда біздің еліміздің Негізгі Заңында (Конституцияда) Қазақстанда бір халық тұрады деп жазуы түсінікті. Құрамы көп ұлтты болғанымен Қазақстан азаматтары Қазақстан халқын құрайды.

Ойтүрткі болсын, айта кетелік. Алматы қаласындағы мұғалімдер білімін жетілдірумен шұғылданатын Орталық институтта этнопедагогика мәселелеріне арналған ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Қазақстандағы Франция елшілігінің білім жөніндегі кеңесшісі осы бас қосуда сөйлеген сөзінде Франция мемлекетінің азаматтығын алған адам ұлтына қарамастан француз болып саналатынын айтты. Бұған мысалды өз отбасынан келтірді. Ұлты итальян анасы Францияның азаматтығын алғаннан кейін тегі итальяндық француз болғанын мақтаныш тұтады екен. Түркия азаматы, Алматы қаласындағы С. Демирел атындағы Қазақ-Түрік университетінің ұстазы М.Каплан да осы конференцияда сөйлеген сөзінде Түркия мемлекеті азаматының төлқұжатында ұлты жазылмайтынын, бұл елдің азаматтығын алған адам түрік болып саналатынын айтты. Шетелдік екі баяндамашы да Қазақстан жағдайында өз елдеріндегідей, этнопедагогика мәселелерін этникалық топтарға, яғни қазақтан басқа ұлт өкілдеріне байланыстыра қарастыруды кеңес етті. Екеуі де қазақ ұлты атажұртында этносқа жатпайды, ал Қазақстанда тұратын, оның азаматтығын алған басқа ұлт өкілдері, яғни этникалық топтар, жеке-жеке халық бола алмайды, қазақ халқымен бірлесіп біртұтас Қазақстан халқын құрайды деген пікір айтты.

Кеңестік идеологияның санамызға батпандап сіңіп қалған кесірінен кейде өз ұлтымызды өз жерімізде, өз елімізде отырып, этникалық топтар қатарына қосып, жеке мемлекет болғанымызды естен шығарып алатынымыз рас. Бұл – империялық дәуірде орыс халқын кеңестік басқа қай ұлттан болсын жоғары қоятын идеология шырмауынан шыға алмай жүргеніміздің бір көрінісі. Мәселен, қазірдің өзінде «ұлттық мектеп» десек, қазақ, ұйғыр, өзбек, т.б. ұлт тілдерінде оқытатын оқу орындары деп түсініп, бұл қатарға оқуы орысша жүретін білім ордаларын қоспаймыз.

Орыс халқы қай ұлттан болсын жоғары, биік тұрып келгені мәлім. Кеңестік идеологиялық шырмаудың тағы бір белгі беретін тұсы – «ұлттық» деген сөз естісе, орыс ағайындарымыз әлі де тіксініп қалады. Өйткені олар бұл сөзді, көп жағдайда тікелей қазақ ұлтымен байланыстырып қабылдайды. Осыдан-ақ Қазақстандағы этникалық топтар, яғни орыс, корей, ұйғыр, өзбек, т.б. ұлт өкілдері республикамыздың тең құқылы азаматтары ретінде қазақ ұлтымен бірге біртұтас Қазақстан халқын құрайтынын терең түсінуге жетуі оңай еместігі байқалады.

Алегер Қазақстанда халық көп десек, Қазақстанда тұратын, азаматтары саналатын қазақстандық басқа ұлт өкілдері жеке-жеке халық болғаны ма? Бұрынырақта біздің елде ұлты француз бір азамат бар деп естуші едік. Ол біреу болса да, Қазақстанның азаматтығын алса, Қазақстандағы француз халқы бола ма?

Кейбір көрші мемлекет басшылары осылайша ресми жазу мен ауызекі айтудың арасында Негізгі Заңнан ауытқып «Қазақстан халықтары» деп, қателесе беретінімізді пайдаланып, еліміздің азаматтарын ұлтына қарай бөліп алып, «біз қорғаймыз» деп, іштей ыдыратуды көздемейтініне кім кепіл?! Қазақстан халқы құрамындағы кейбір ұлт өкілдерінің азаматтық парызын оп-оңай аяқ асты етіп, өздерін басқа мемлекетте тұратын орыс, т.б. ұлттардың біздің елдегі елшілеріндей сезініп, бөлініп шыға келуіне де «ана халық, мына халық» деп, көбейтіп жүргеніміз желеу болар. Әйтпесе үстіміздегі жылдың 6 ақпанында Астана қаласында жиын өткізіп, Отанымыздың тәуелсіздігін, тұрақтылығын шайқалтуға әрекет жасаған жат ниетті адамдар қайдан келді? Олар Отанымыздың жеке мемлекет құру жолындағы он жылға жетер-жетпес уақыт ішіндегі әр түрлі қиындықтарын ғана, жетпей жатқан, жүрмей тұрған тұстарын ғана көреді. Бұл – іріткі ойдың, теріс пиғылдың көрінісі. Ал солардың өздері Отанымыздың иығына түскен қыруар ауыртпалықты жеңілдету үшін осы он жылда не істеген екен? Әлде жоқты теріп, байбаламмен, елді дүрліктірумен әлек болып жүрме? Кемшілікті көрсін, сынасын. Бірақ тәуелсіздігімізді тәрк етіп, басқа елдің етегінен ұстайық деп ұрандату не жорық? Біртұтас мемлекетті, Ресей мен Беларусьтің қанжығасына байлап беру бақытқа жету ме екен?

Біртұтас мемлекетті былай қойып, жеке отбасындағы қиындықтан шығу үшін бір үйлі жанды екінші үйдің босағасына кіріптар етуді кім қолдайды? Осыны айтып, елге, жұртқа жар салып отырған өз отандастарымыз екені өте өкінішті. Сонда олар Ресей мен Беларусьтің тыныс-тіршілігінде ешқандай қиындық, қиналу, тосылу, тіпті тоқырау жоқ деп ойлай ма екен?

«Лад» славян одағының, казачествоның атынан сөйлеп жүргендер, сондай-ақ жетпіс жыл әлемді армансыз кезген коммунистік елесті жаңғыртқысы келетін қазақ қандастарымыз кешегі кеңес империясы кеңістігінде тәуелсіз даму жолына түскен қай мемлекеттің болсын сан сала қиындықтарға кезігіп отырғанын білмейді емес, біледі.

Бұлар халық үшін рухани азаттық ешқандай байлыққа айырбастауға болмайтын өлшеусіз бақыт екенін түсінбейді емес, түсінеді.

Сонда, кешіріңіз, бұл не сандырақ?

Бұл – Қазақстан азаматы бола тұра, Қазақстанды Отаным деп сезінбеудің, «біз жоқ жерде бәрі жақсы» дейтін тоғышарлықтың, қала берді «атың шықпаса, жер өрте» дейтін даңғойлықтың дертті салдары. Немесе түпкі мақсатқа – Қазақстанның Ресейге «өз еркімен» қосылу тарихын жаңаша жалғастыруға жетудің жымысқы саясаты.

Сондықтанда елдігімізді сақтап, тәуелсіздігімізді қолдан бермейміз десек, отансүйгіштік сенімнің қазақстандық әр азаматтың жүрегіне терең ұялауы үшін баршамыз болып күресейік. Бұл – ең алдымен, қазақтың саналы ұл-қызының, кәрі-жасының ел, жер, ұрпақ алдындағы абзал борышы. «Менің Отаным – Қазақстаным» деген мақтаныш сезімі әр жүректі кернеп тұрса, біртұтас елімізде қанша халық бар деген сауал тумас еді. Бүгін таңда бұл сауал төңірегінде мықтап ойлану қажет.

(«Жас алаш» газеті, 24 ақпан, 2000 жыл)

МОСТ ДРУЖБЫ

У каждого народа есть свои добрые традиции и обычаи. В Семипалатинской области, откуда я родом, когда-то, выдавая девушку замуж, главным ее приданым считали сборник стихов Абая. В этот обычай был заложен глубокий смысл.

А сейчас везде больше говорят о дефиците, к примеру, сахара, нежели о дефиците культуры. Но я глубоко убеждена, что именно дефицит культуры, образованности рождает дефицит производственной дисциплины, ответственности перед собой и обществом. Пока мы не поймем, что нравственность определяет все, в сторону цивилизации мы не сделаем ни шага. Ни демократия и гласность, ни один закон не будут действовать, если они не имеют под собой нравственную основу.

Говоря о кризисе экономики, мы всем миром должны думать о том, как вывести культуру из кризисного состояния.

Для этого «культура должна быть открытой», – говорит академик Дмитрий Лихачев. А вот еще его замечательные слова: «Культурный человек – это не тот, кто много читал классических произведений, много слушал классическую музыку и т.д., а тот, который обогатился всем этим, которому открылась глубина мысли прошедших веков, духовная жизнь других. Отсюда и уважение к другим народам, к их культуре, верованиям».

Язык – главный носитель культуры и связующее звено в благородном духовном взаимообогащении народов, ибо только он поможет понять душу народа, его тревоги, радости. *Не понимая языка рядом живущего народа, можно остаться всю жизнь ему чужим.*

В декабре прошлого года было создано городское общество «Қазақ тілі» – для того, чтобы содействовать претворению в жизнь Закона о языках Казахской ССР. Мы отчетливо понимаем смысл и значение этой работы. Помогая в меру своих сил снимать языковой барьер, мы, по сути дела, способствуем культурному развитию людей, укреплению дружбы казахского и русского народов.

Люди разных национальностей, в минувшие годы мы много говорили о дружбе народов, не вникая в ее суть. К примеру, сколько великолепных слов было сказано относительно дружбы между казахом и русским. А ведь, в большинстве случаев, нетрудно почувствовать ее однобокость, то есть неравное участие двух сторон в каждодневном общении. Между тем ясно, что дружба не складывается по чьей-нибудь указке, инструкции, она складывается по велению человеческой души. А душевные порывы, дружелюбные отношения проявляются с помощью языка. И если посмотреть на язык как на связующий мост, соединяющий людей двух национальностей, даже дружелюбно настроенных, то нетрудно заметить активность – с одной стороны и пассивность – с другой.

Не случайно казах, плохо владеющий русским языком или вовсе не владеющий им, попадая в столицу или в некоторые областные центры своей республики, часто чувствует себя неуютно: его не понимают и русские, и казахи (я имею в виду городскую молодежь), не знающие своего родного языка. Да и в самом городе, как правило, дружеские связи между